



**TURAN**  
UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының  
білім және ғылым министрлігі

**«ТУРАН»  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**  
**Ғылыми журнал**

---

**ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА**

**«ТУРАН»  
Научный журнал**

**№ 2 (86)**

**2020**

**Алматы**

**Свидетельство № 9394-Ж от 22 июля 2008 г.**  
**Министерство культуры и информации Республики Казахстан**  
**Комитет информации и архивов**

**Собственник: учреждение**  
**«Университет «Туран»**

**Выходит с января 1999 г.**  
**один раз в квартал**

**НАУЧНО-РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

1. Алшанов Р.А. - ректор университета «Туран», д.э.н., профессор, академик Международной инженерной академии, вице-президент Национальной инженерной академии РК, президент Академии экономических наук Казахстана (**председатель совета**)
2. Нурмуханова Г.Ж. - проректор по стратегическому развитию, науке и инновациям университета «Туран», д.э.н., профессор (**зам. председателя совета**)
3. Алиев У.Ж. - вице-президент корпорации «Туран», д.э.н., профессор
4. Александрова А.Ю. - профессор Московского государственного университета им. М.В. Ломоносова (РФ), д.г.н.
5. Акимжанов Т.К. - директор Научно-исследовательского института права, д.ю.н., профессор
6. Арупов А.А. - директор Института мировой экономики и международных отношений, д.э.н., профессор, академик МАИ
7. Аханов С.А. - почетный председатель Совета Ассоциации финансистов Казахстана, д.э.н., профессор университета «Туран»
8. Абдиев К.С. - проректор по учебно-методической и воспитательной работе университета «Туран», д.п.н., профессор университета «Туран»
9. Баишев Ж.Н. - председатель Суда Евразийского экономического союза, к.ю.н., профессор университета «Туран»
10. Гизе Р. - Университет прикладных наук Циттау-Герлиц (Германия), член университетского надзорного совета Hochschulrat, д.э.н., профессор
11. Дан Джим - Государственный Пенсильванский университет (США), PhD, профессор
12. Джапаров Б.А. - генеральный директор Ассоциации пользователей научно-образовательной компьютерной сети Казахстана «КазРЕНА», д.т.н., профессор
13. Зоркальцев В.И. - Институт систем энергетики им. Л.А. Мелентьева СО РАН (РФ), д.т.н., профессор
14. Ержанов М.С. - сопредседатель Форума бухгалтеров и аудиторов стран Центральной Азии, д.э.н., профессор
15. Калимолдаев М.Н. - директор Института проблем информатики и управления МОН РК, д.ф.-м.н., профессор
16. Козлов В.В. - профессор Ярославского государственного университета им. П.Г. Демидова (РФ), д.психол.н.
17. Мукамбаева Г.А. - Кыргызский национальный университет им. Ж. Баласагына, д.ю.н., профессор
18. Петров П.С. - Великотырновский университет (Болгария), PhD
19. Попков В.К. - профессор кафедры сетевых информационных технологий Новосибирского государственного технического университета (РФ), д.ф.-м.н.
20. Тазабеков К.А. - президент Казахстанской ассоциации маркетинга, профессор университета «Туран»

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

1. Алшанов Р.А. - **главный редактор**, ректор университета «Туран»
2. Нурмуханова Г.Ж. - **зам. главного редактора**, проректор по стратегическому развитию, науке и инновациям университета «Туран»
3. Акимжанов Т.К. - директор Научно-исследовательского института права, д.ю.н., профессор
4. Алиев У.Ж. - вице-президент корпорации «Туран»
5. Тазабеков К.А. - первый проректор университета «Туран»
6. Абдиев К.С. - проректор по учебно-методической и воспитательной работе университета «Туран»
7. Тусупова Л.А. - проректор по внешним связям, международной аккредитации и поствузовскому образованию, д.э.н., профессор университета «Туран»
8. Бычкова С.Ф. - депутат Мажилиса Парламента РК, д.ю.н., профессор университета «Туран»
9. Биктеубаева А.С. - зав. кафедрой учета и аудита, к.э.н.
10. Бузело А.С. - зав. кафедрой журналистики и переводческого дела, к.филол.н.
11. Вуколов В.Н. - директор Научно-исследовательского института туризма университета «Туран», д.п.н., профессор
12. Дадабаева Д.М. - зав. кафедрой мировой и национальной экономики, к.э.н.
13. Ералина Э.М. - зав. кафедрой менеджмента, PhD
14. Ерубаяева Г.К. - зав. кафедрой туризма и сервиса, к.б.н.
15. Куандыкова Д.Р. - декан факультета «Академия кино и телевидения», к.т.н.
16. Курбатова Н.В. - **редактор**, руководитель редакционно-издательского отдела
17. Мусалиева Р.Д. - зав. кафедрой маркетинга и логистики, к.т.н.
18. Разакова Д.И. - декан экономического факультета, к.э.н., PhD
19. Селезнёва И.В. - зав. кафедрой финансов, д.э.н., профессор
20. Глеубердинова А.Т. - директор Центра маркетинговых исследований, д.э.н.
21. Төлен Ж.М. - зав. кафедрой регионоведения и международных отношений, PhD
22. Уранхаева Г.Т. - декан гуманитарно-юридического факультета, д.полит.н.

Университету «Туран» принадлежат исключительные права на перепечатку отдельных материалов, издание и коммерческое использование журнала

© Университет «Туран», 2020

**В НОМЕРЕ**

**1 ЭКОНОМИКА: ИСТОРИЯ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА**

<i>Алшанов Р.А.</i> Санитарный, нефтяной и экономический кризис: причины и пути преодоления .....	9
<i>Onyusheva I.V., Htay S.N., Sin T.T.</i> The impact of the US–China trade economic relations on international markets .....	15
<b>Рахметулина Ж.Б., Абылайханова Т.А., Кинашева Ж.Б.</b> «Бір белдеу – бір жол» бастамасы мен «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық .....	23
<b>Наукенова Б.Н., Пягай А.А.</b> Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен сауда қарым-қатынасының даму келешегі .....	29
<b>Ералина Э.М., Дауренбекова А.Н., Бекназарова А.Т.</b> Заманауи жағдайдағы стратегиялық басқарудың аспектілері .....	36
<b>Мусаханова Н.А., Кыдырбаева Ш.Д.</b> Моделирование роста экономического потенциала компаний в условиях кризиса .....	41
<b>Кайгородцев А.А., Бордияну И.В.</b> Результативность государственной поддержки малого предпринимательства в Казахстане .....	46
<b>Байгарина А.Т., Ашимова И.Д., Конуспаев Р.К.</b> Стратегии «скрытых чемпионов».....	52
<b>Alina G.B., Yeskaliyeva A.Zh.</b> Environmental security in the context of human capital formation .....	56
<b>Сисенова А.Т.</b> Корпоративная социальная ответственность – новая философия бизнеса .....	64
<b>Саханова Г.Б.</b> Тұрғындардың өмір сүру деңгейін әлеуметтік-экономикалық жоспарлау .....	69
<b>Курманова Г.К., Суханбердина Б.Б., Ким А.А., Уразова Б.А.</b> Миграционные процессы в современном казахстанском обществе .....	74
<b>Niyetalina G.K.</b> Foreign experience of government regulation of agriculture .....	80
<b>Шінет Г.Ф., Абдибеков С.У., Коптаева Г.П.</b> Жұртшылық шаруашылығының шетелдік дамуы: аталу ерекшеліктері мен қолдау шаралары .....	88
<b>Баймаганбетов С.Т., Батырова Н.Т., Изатуллаева Б.С., Келесбаев Д.Н.</b> Мұнай бағасының инфляция мен валюта бағамына әсерін эмпирикалық талдау .....	94
<b>Мансурова М.А., Махмудов А.Д., Федорченко Л.В.</b> Обучение и развитие персонала на предприятиях нефтегазовой отрасли Казахстана .....	101
<b>Ларичкин Ф.Д., Алимбетов У.С., Краузе Н.В.</b> Горно-металлургический комплекс Казахстана: современное состояние и перспективы развития .....	106
<b>Osrapova A.K., Zakirova D.I.</b> Condition and prospects of employment in the renewable energy sector .....	112
<b>Епанчинцева С.Э.</b> Развитие текстильного кластера в Республике Казахстан: оценка состояния и основных тенденций.....	117
<b>Razakova D.I., Konyrbekov M.Zh.</b> Analysis of the particularities of creating a system of logical activity at the enterprise for the production of tare products.....	122

<i>Nurkuzhayev Zh.M., Zhaylaubayeva Zh.A.</i> Production and processing efficiency of commodity fish farming products .....	131
<i>Мухамедьярова-Левина Т.Т., Заболотникова В.Д.</i> Краудфандинг как способ коллективного инвестирования .....	136
<i>Байбөлекова Л.Ә., Касымбекова Г.Р., Зайтенова Н.К.</i> Жалпы биржалық кеңістік құру жағдайындағы қазақстандық нарық ұстанымдарының бәсекеге қабілеттілігі .....	141
<i>Сыздықов Б.Ш., Балабекова Д.Б., Иманбаев А.А.</i> Қазақстанның тұтыну нарығындағы баға тұрақсыздығы мәселелері.....	149
<i>Айдарова А.Б., Мауленкулова Г.Е., Мамутова К.К.</i> Кәсіпорын табысына салық салуды тиімді реттеуді ынталандыру әдістерін жетілдіру .....	154
<i>Досаева А.Ж., Барышева С.К.</i> Методика проведения аудита в малом бизнесе .....	160
<i>Зейнельгабдин А.Б.</i> Влияние взаимосвязи денежно-кредитных и налогово-бюджетных инструментов на формирование и использование государственных финансовых ресурсов в Республике Казахстан .....	166
<i>Talimova L.A., Saifullina Y.M., Kalkabayeva G.M., Kozlova N.G.</i> Pension sector investment resources for Kazakhstan economy development .....	172

## 2 ТРИБУНА МОЛОДОГО ИССЛЕДОВАТЕЛЯ

<i>Сембин А.Б.</i> Особенности управления проектами цифровой трансформации промышленных предприятий.....	177
<i>Сартбаев М.М.</i> Инвестиционные приоритеты промышленных предприятий и формы привлечения капитала в условиях цифровой экономики .....	183
<i>Kaldyoraz A.A.</i> On the theory and modern practice of project quality management .....	189
<i>Имиров Ш.Н., Бимендиева Л.А., Ахметова З.Б.</i> Современные механизмы повышения конкурентоспособности региона.....	194
<i>Искакова М.С.</i> Шағын инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау .....	199
<i>Жумашбекова С.К., Сансызбаева Г.Н.</i> Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдеріндегі еңбек көші-қоны: тенденциялары мен заңдылықтары .....	206
<i>Kerimbek A.K., Bekzhanova T.K., Raimbekov Zh.S., Kerimbek G.E.</i> The controls of the urban transport system.....	212
<i>Есильбаева Ж.Е., Тлеубаева С.А.</i> Повышение эффективности аграрного производства – это рост благосостояния народа.....	217
<i>Vaiguzhinova A.Zh.</i> Main aspects of research of marketing potential of the milk market of the East Kazakhstan region.....	223

## 3 ОБРАЗОВАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ: МЕТОДОЛОГИЯ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ

<i>Zakirova D.I.</i> Formation and development of innovative infrastructure of universities: systemic approach .....	229
--	-----

## 4 ПАМЯТИ УЧЕНОГО И ПЕДАГОГА

<i>Алшанов Р.А., Алиев У.Ж.</i> Памяти Виктора Тимофеевича Рязанова .....	235
--	-----

НӨМІРДЕ

1 ЭКОНОМИКА: ТАРИХ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА

<i>Алишанов Р.А.</i> Санитарлық, мұнай және экономикалық дағдарыс: себептері және еңсеру жолдары .....	9
<b><i>Онюшева И.В., Хтэй С.Н., Син Т.Т.</i></b>	
АҚШ пен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың халықаралық нарықтарға ықпалы .....	15
<b><i>Рахметулина Ж.Б., Абылайханова Т.А., Кинашева Ж.Б.</i></b>	
«Бір белдеу – бір жол» бастамасы мен «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық .....	23
<b><i>Науkenова Б.Н., Пягай А.А.</i></b> Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен сауда қарым-қатынасының даму келешегі .....	29
<b><i>Ералина Э.М., Дауренбекова А.Н., Бекназарова А.Т.</i></b>	
Заманауи жағдайдағы стратегиялық басқарудың аспектілері .....	36
<b><i>Мусаханова Н.А., Кыдырбаева Ш.Д.</i></b> Дағдарыс жағдайында компаниялардың экономикалық әлеуетінің өсуін модельдеу .....	41
<b><i>Кайгородцев А.А., Бордияну И.В.</i></b> Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың нәтижелілігі .....	46
<b><i>Байгарина А.Т., Ашимова И.Д., Коңуспаев Р.К.</i></b>	
«Жасырын чемпиондар» стратегиялары .....	52
<b><i>Алина Г.Б., Ескалиева А.Ж.</i></b> Адами капиталды қалыптастыру контекстінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету .....	56
<b><i>Сисенова А.Т.</i></b> Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік – бизнестің жаңа философиясы .....	64
<b><i>Саханова Г.Б.</i></b> Тұрғындардың өмір сүру деңгейін әлеуметтік-экономикалық жоспарлау .....	69
<b><i>Курманова Г.К., Суханбердина Б.Б., Ким А.А., Уразова Б.А.</i></b>	
Заманауи қазақстандық қоғамының миграциялық процесі .....	74
<b><i>Ниеталина Г.К.</i></b> Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі .....	80
<b><i>Шінет Г.Ф., Абдибеков С.У., Коптаева Г.П.</i></b>	
Жұртшылық шаруашылығының шетелдік дамуы: аталу ерекшеліктері мен қолдау шаралары .....	88
<b><i>Баймаганбетов С.Т., Батырова Н.Т., Изатуллаева Б.С., Келесбаев Д.Н.</i></b>	
Мұнай бағасының инфляция мен валюта бағамына әсерін эмпирикалық талдау .....	94
<b><i>Мансурова М.А., Махмудов А.Д., Федорченко Л.В.</i></b>	
Қазақстанның мұнай-газ саласы кәсіпорындарында кадрларды даярлау және дамыту .....	101
<b><i>Ларичкин Ф.Д., Алимбетов У.С., Краузе Н.В.</i></b>	
Қазақстанның тау-кен металлургиялық кешені: қазіргі жағдайы және даму перспективалары .....	106
<b><i>Оспанова А.К., Закирова Д.И.</i></b> Жаңартылатын энергия көздері секторындағы жұмыспен қамтудың жағдайы мен перспективалары .....	112
<b><i>Епанчинцева С.Э.</i></b> Қазақстан Республикасында тоқыма кластерін дамыту: жай-күйі мен негізгі үрдістерді бағалау .....	117
<b><i>Разакова Д.И., Конырбеков М.Ж.</i></b> Қаптау өнімдерін шығаратын кәсіпорында логистикалық қызмет жүйесін құрудың ерекшеліктерін талдау .....	122

<b>Нұрқожаев Ж.М., Жайлаубаева Ж.А.</b> Тауарлық балық шаруашылығы өнімдерінің өндірісі және қайта өңдеу тиімділігі.....	131
<b>Мухамедьярова-Левина Т.Т., Заболотникова В.Д.</b> Краудфандинг ұжымдық инвестициялау тәсілі ретінде.....	136
<b>Байбөлекова Л.Ә., Касымбекова Г.Р., Зайтенова Н.К.</b> Жалпы биржалық кеңістік құру жағдайындағы қазақстандық нарық ұстанымдарының бәсекеге қабілеттілігі.....	141
<b>Сыздықов Б.Ш., Балабекова Д.Б., Иманбаев А.А.</b> Қазақстанның тұтыну нарығындағы баға тұрақсыздығы мәселелері.....	149
<b>Айдарова А.Б., Мауленкулова Г.Е., Мамутова К.К.</b> Кәсіпорын табысына салық салуды тиімді реттеуді ынталандыру әдістерін жетілдіру.....	154
<b>Досаева Ә.Ж., Барышева С.К.</b> Шағын бизнесте аудит жүргізудің әдістемесі.....	160
<b>Зейнельгабдин А.Б.</b> Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қаржы ресурстарын қалыптастыру мен пайдалануға ақша-несие және бюджет-салық құралдарының өзара байланысының әсері.....	166
<b>Талимова Л.А., Сайфуллина Ю.М., Қалқабаяева Г.М., Козлова Н.Г.</b> Қазақстан экономикасын дамыту үшін зейнетақы секторының инвестициялық ресурстары.....	172

## 2 ЖАС ЗЕРТТЕУШІНІҢ МІНБЕСІ

<b>Сембин А.Б.</b> Өнеркәсіптік кәсіпорындарды цифрлық түрлендіруді жобалық басқарудың ерекшеліктері.....	177
<b>Сартбаев М.М.</b> Өнеркәсіптік кәсіпорындардың инвестициялық басымдықтары және цифрлық экономикадағы капиталды тарту нысандары.....	183
<b>Калдыораз А.А.</b> Жобаның сапасын басқарудың қазіргі заманғы тәжірибесі мен теориясы туралы.....	189
<b>Имиров Ш.Н., Биендиева Л.А., Ахметова З.Б.</b> Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың заманауи тетіктері.....	194
<b>Искакова М.С.</b> Шағын инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау.....	199
<b>Жумашбекова С.К., Сансызбаева Г.Н.</b> Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдеріндегі еңбек көші-қоны: тенденциялары мен заңдылықтары.....	206
<b>Керімбек А.К., Бекжанова Т.К., Раимбеков Ж.С. Керімбек Ф.Е.</b> Қалалық көлік жүйесін басқару органдары.....	212
<b>Есильбаева Ж.Е., Тлеубаева С.А.</b> Агроөндірістің тиімділігін көтеру және халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту.....	217
<b>Байғужинова А.Ж.</b> Шығыс Қазақстан облысы сүт нарығының маркетингтік әлеуетін зерттеудің негізгі аспектілері.....	223

## 3 БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ: ӘДІСТЕМЕ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ

<b>Закирова Д.И.</b> Жоғары оқу орындарының инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту: жүйелі тәсіл.....	229
---	-----

## 4 ҒАЛЫМ ӘРІ ПЕДАГОГТЫ ЕСКЕ АЛУ

<b>Алшанов Р.А., Алиев У.Ж.</b> Виктор Тимофеевич Рязановты еске алу.....	235
---	-----



IN THE ISSUE

1 ECONOMY: HISTORY, THEORY, PRACTICE

<i>Alshanov R.A.</i> Sanitary, oil and economic crisis: causes and ways to overcome.....	9
<i>Onyusheva I.V., Htay S.N., Sin T.T.</i> The impact of the US–China trade economic relations on international markets .....	15
<i>Rakhmetulina Zh.B., Abylaikhanova T.A., Kinasheva Zh.B.</i> Cooperation within the framework of the “Belt and Road Initiative” and the “Nurly Zhol” program.....	23
<i>Naukenova B.N., Pyagay A.A.</i> Prospects for the development of trade relations between Kazakhstan and the Eurasian Economic Union member countries.....	29
<i>Yeralina E.M., Daurenbekova A.N., Beknazarova A.T.</i> Aspects of strategic management in modern conditions.....	36
<i>Mussakhanova N.A., Kydyrbaeva Sh.D.</i> Modeling the growth of economic potential of companies in the conditions of crisis.....	41
<i>Kaigorodtsev A.A., Bordiyanu I.V.</i> Effectiveness of state support of small businesses in Kazakhstan.....	46
<i>Baigarina A.T., Ashimova I.D., Konuspaev R.K.</i> «Hidden champions» strategies .....	52
<i>Alina G.B., Yeskaliyeva A.Zh.</i> Environmental security in the context of human capital formation.....	56
<i>Sissenova A.T.</i> Corporate social responsibility – a new philosophy of business.....	64
<i>Sakhanova G.B.</i> Socio-economic planning of living standards.....	69
<i>Kurmanova G.K., Sukhanberdina B.B., Kim A.A., Urazova B.A.</i> Migration processes in modern Kazakhstani society.....	74
<i>Niyetalina G.K.</i> Foreign experience of government regulation of agriculture.....	80
<i>Shinet G.G., Abdibekov S.U., Koptayeva G.P.</i> Development of population farms abroad: features of name and support measures .....	88
<i>Baimaganbetov S.T., Batyrova N.T., Izatullaeva B.S., Kelesbaev D.N.</i> Empirical analysis of the influence of oil prices on inflation and currency rate.....	94
<i>Mansurova M.A., Makhmudov A.D., Fedorchenko L.V.</i> Personnel training and development at enterprises of the oil and gas industry of Kazakhstan .....	101
<i>Larichkin F.D., Alimbetov U.S., Krause N.V.</i> Mining and metallurgical complex of Kazakhstan: current state and development prospects.....	106
<i>Ospanova A.K., Zakirova D.I.</i> Condition and prospects of employment in the renewable energy sector .....	112
<i>Yepanchintseva S.E.</i> Development of a textile cluster in the Republic of Kazakhstan: assessment of its state and basic trends.....	117
<i>Razakova D.I., Konyrbekov M.Zh.</i> Analysis of the particularities of creating a system of logical activity at the enterprise for the production of tare products .....	122

<i>Nurkuzhayev Zh.M., Zhaylaubayeva Zh.A.</i> Production and processing efficiency of commodity fish farming products .....	131
<i>Mukhamedyarova-Levina T.T., Zabolotnikova V.D.</i> Crowdfunding as a method of collective investment.....	136
<i>Baibulekova L.E., Kassymbekova G.R., Zaitenova N.K.</i> Competitiveness of the positions of the Kazakhstan market in the conditions of creating a common exchange space.....	141
<i>Syzdykov B.Sh., Balabekova D.B., Imanbayev A.A.</i> Problems of price instability of the consumer market prices in Kazakhstan.....	149
<i>Aidarova A.B., Maulenkulova G.Ye., Mamutova K.K.</i> Improvement of stimulating methods for effective regulation of the enterprise income taxation.....	154
<i>Dossayeva A.Zh., Barysheva S.K.</i> Auditing methodology in small business .....	160
<i>Zeinelgabdin A.B.</i> Impact of the relation between monetary and fiscal instruments on the formation and use of public financial resources in the Republic of Kazakhstan.....	166
<i>Talimova L.A., Saifullina Y.M., Kalkabayeva G.M., Kozlova N.G.</i> Pension sector investment resources for Kazakhstan economy development.....	172

## 2 PLATFORM OF YOUNG RESEARCHER

<i>Sembin A.B.</i> Features of enterprise's digital transformation project management.....	177
<i>Sartbayev M.M.</i> Investment priorities of industrial enterprises and forms of fundraising in conditions of digital economy .....	183
<i>Kaldyoraz A.A.</i> On the theory and modern practice of project quality management.....	189
<i>Imirov Sh.N., Bimendiyeva L.A., Akhmetova Z.B.</i> Modern mechanisms of increasing the region competitiveness .....	194
<i>Iskakova M.S.</i> State support of small and innovative entrepreneurship .....	199
<i>Zhumashbekova S.K., Sansyzybayeva G.N.</i> Labour migration in the countries of the commonwealth of independent states: trends and regulations .....	206
<i>Kerimbek A.K., Bekzhanova T.K., Raimbekov Zh.S., Kerimbek G.E.</i> The controls of the urban transport system.....	212
<i>Yessilbaeva Zh.E., Tleubaeva S.A.</i> Increasing the efficiency of agricultural production and the growth of people's welfare .....	217
<i>Baiguzhinova A.Zh.</i> Main aspects of research of marketing potential of the milk market of the East Kazakhstan region.....	223

## 3 EDUCATION AND TRAINING: METHODOLOGY, THEORY, TECHNOLOGY

<i>Zakirova D.I.</i> Formation and development of innovative infrastructure of universities: systemic approach.....	229
---	-----

## 4 DEDICATED TO THE MEMORY OF SCIENTIST AND TEACHER

<i>Alshanov R.A., Aliev U.Zh.</i> Devoted to the memory of Ryazanov Victor Timofeevich .....	235
--	-----



**С.К. ЖУМАШБЕКОВА,<sup>1</sup>**

докторант.

**Г.Н. САНСЫЗБАЕВА,<sup>2</sup>**

э.ғ.д., профессор.

Халықаралық бизнес университеті.<sup>1</sup>

Әл-Фараби атындағы Қазақ  
ұлттық университеті<sup>2</sup>

## **ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫ: ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ**

### **Аңдатпа**

Жаһандану жағдайында көші-қон сұрақтары айрықша өзекті болып отыр және посткеңестік кеңістіктегі елдер бүкіл әлем сияқты, көші-қонды зерттеуде тысқары қалмайды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің еңбекке қабілетті тұрғындарының механикалық қозғалысы көптеген факторларға негізделеді, бірақ олардың негізгілері экономикалық сипатта және елдердегі, аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық дифференциациямен, өмір сүру деңгейінің төмендігімен, еңбек нарығындағы жағымсыз жағдайлармен және т.б. байланысты. Қабылдаушы және донор елдер жалақылары арасындағы айырмашылық, жұмыссыздықтың өңірлік деңгейінің жоғарылауы эмиграцияның ықтималдығын арттырады. Мақалада «еңбек көші-қоны» ұғымы нақтыланып, ТМД елдерінің соңғы жылдардағы еңбекке қабілетті тұрғындарының сыртқы көші-қон үдерістерінің көрсеткіштері талданады. Ресей Федерациясына және Қазақстанға еңбек көші-қонының мәселесі, сондай-ақ ТМД-дан басқа елдерге көшіп қону ағындарының сипаттамасы қарастырылады. Еуразиялық даму банкінің Интеграциялық зерттеулер орталығының 46-шы есебінің деректері негізінде достастық елдерінің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары келтірілген, олардың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі көші-қонның рөлі анықталған. ТМД елдерінен көші-қон үрдістері талданып, оның ерекшеліктері мен дамудың маңызды заңдылықтары анықталды. ТМД елдеріндегі еңбек мигранттарының қозғалысын зерттеу кезінде талдау әдістері, статистикалық және графикалық әдістер қолданылды.


Тірек сөздер: халықаралық көші-қон, еңбек көші-қоны, сыртқы көші-қоны, еңбек ресурстары, өңірлік интеграция, тартушы факторлар, итермелеуші факторлар.

Құрылғалы бері ширек ғасырдан астам уақыт өткен Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы (ТМД) көші-қон үдерісі кезінде көші-қонның себептері мен түрлері, бағыттары едәуір өзгерістерге ұшырады, көші-қон саясаты, заңнамалар, басқару институттары қалыптасып, реформаланып жатты. Көші-қонның әртүрлі жіктемелері арасынан еңбек көші-қонының экономикалық рөлі арта түсті, себебі еңбекші-мигранттың негізгі уәжі – оның тұрғылықты жерінде алатын табысымен салыстырғанда неғұрлым жоғары табысты алуға ұмтылушылық болып табылды.

Еңбек көші-қоны қоғамдағы қатынастар жүйесінің ажырамас бөлігі және маңызды әлеуметтік-экономикалық құбылыс, әр түрлі теориялық пен әдіснамалық зерттеулердің нысаны ретінде қазіргі заманғы экономикалық және теориялық бағыттар – халықаралық көші-қон теориясы; жұмысшы күші және еңбек нарығы теориясы; Е.Г. Равенштейннің көші-қон теориясы (Равенштейннің 11 заңы); көші-қонның макро және микро деңгейлі неоклассикалық теориясы; М. Пиоренің қосарлы еңбек нарығының теориясы, И. Валлерстайнның әлемдік жүйе теориясы, көші-қонның синтетикалық теориясы, трансұлттық көші-қон тұжырымдамасында келтіріледі [1]. Бұл теориялық бағыттардың әрқайсысы көші-қон ағындарын реттеу мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Туған елдерінен тыс жерде тұратын адамдар ретінде анықталатын халықаралық мигранттардың дүниежүзілік ағыны 2013 жылы 232 млн адам құраса, 2019 жылы 272 миллион адамға дейін көбейді. Дамушы елдер арасындағы оңтүстік-оңтүстік көші дамушы елдерден дамыған елдерге оңтүстік-солтүстік көші-қонына қарағанда біршама көп болды. Оңтүстіктен оңтүстікке көші-қонында әлемнің Азия бөлігі мигранттардың басты қайнар көзі және олар баратын өңір болып табылады. 2013 жылы Азия сонымен қатар барлық халықаралық мигранттардың 30%-ын қабылдаса (71 млн), 2017 жылы бұл көрсеткіш – 31%-ға (80 млн адам) артты [2].

Демек, халықтың механикалық осы қозғалысының негізінде көптеген факторлар жатыр, олардың негізгісі экономикалық сипатқа ие және аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық дифференциациямен, өмір сүру деңгейінің төмендігімен, еңбек нарығындағы жағымсыз жайттармен және т.б. байланысты.



Сурет 1 – 2018 жылғы әлем бөліктері бойынша халықаралық мигранттар саны

Ескертпе – Ақпарат көзі: Global Migration Indicators, 2018.

Дүние жүзіндегі 150 млн астам еңбекші мигранттардың бөлінісін қарастырсақ, олардың 33%-ы Еуропа, 14%-ы Азия, 24,7%-ы Солтүстік Америка елдері үлесіне келеді.

Еңбек ресурстарының қозғалысы сұрақтары посткеңестік кеңістікте екі онжылдық бойы неғұрлым маңызды мәселелер қатарына жатады. Әлемдік экономика неғұрлым интеграцияланған сайын, жақсы басқарылатын көші-қон еңбек ресурстарын барынша тиімді бөлудің қажетті шарты болып табылады. Бұл жағдайда Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері де айтарлықтай рөл атқарады. 236,4 млн адам (2018 ж.) халқымен ТМД көптен бері жаһандық көші-қонның едәуір үлесін құрады, дегенмен оның көп бөлігі аймақаралық және әдетте дамушы елдер арасында өтеді. Қазіргі уақытта орталық азиялықтар диаспораларының ең үлкен тобы Ресей Федерациясында шоғырланған. Достастық елдері, сонымен қатар әлемнің басқа аймақтарынан мигранттарды тартады. ТМД елдері қатарындағы және достастыққа кірмейтін елдер арасындағы жалпы иммиграция 2018 жылы орта есеппен 613 мың адамды құрайды. ТМД елдерінде еңбек көші-қоны басым болғандықтан, бұл бағыттың салдарын жақсы түсіну үшін 2012 жылдан бастап Еуразия Даму Банкі (ЕАДБ) институты және Халықаралық еңбек ұйымы ТМД елдеріндегі еңбек көші-қоны бойынша жыл сайынғы дөңгелек үстел ұйымдастырып келеді.

ТМД-дағы еңбек көші-қонының көп бөлігі аймақтағы немесе Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдеріндегі қозғалыстардан тұрады және бұл қозғалыстардың көпшілігі жартылай білікті немесе төмен білікті жұмысшыларға қатысты, дегенмен аймақтық экономиканың дамуымен жоғары білікті жұмыс күшіне деген сұраныс артты. Алайда, орталық азиялық мигранттар ТМД-дағы еңбек нарығының маңызды элементі болып қала береді және олардың ең білікті санаттарына да айтарлықтай үлес қосады.

ЕАДБ интеграциялық зерттеулер орталығы күшімен 2012 жылдан бері «Еуразия Даму Банкі интеграциялық барометрі» жобасы аясында саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени байланыстар бойынша еуразиялық кеңістікте өңірлік интеграцияны қоғамдық түйсіну сұрақтарына талдаулар жүргізіледі. ТМД елдері тұрғындарына 2017 жылы алтыншы рет жүргізілген сауалнамаларда еңбек көші-қоны мәселесіне де назар аударылды. Білім алу және еңбекте өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында келген иммигранттар ағынын ел азаматтарының қабылдауы зерттелетін елдерде айтарлықтай ерекшелінеді. Респонденттерге қойылған «Біздің елге уақытша немесе тұрақты жұмысшылар, студенттер, мамандар жұмысқа немесе оқуға қай мем-

лекеттерден келген жөн?» сауалы бойынша ТМД елдерінен келген еңбек иммигранттарына көбірек қызығушылықты Тәжікстанда (67%) танытады, және зерттелген елдер ішінде бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда (4%-дық тармаққа) біршама өскен жалғыз ел.


Қазақстанда Еуропалық одақ (ЕО) елдерінен студенттер мен жұмысшылардың келуін мақұлдаудың өсуі белгіленді. Оның үстіне Қазақстан тұрғындарының қоғамдық санасында 2017 жылы «басымдықтарды қайта бөлу» байқалады: алдыңғы жылға қарағанда ЕО (8%-ға) пен «әлемнің қалған бөлігі» елдерінен (4%-ға) иммиграцияны мақұлдайтын адамдар саны артып және ұқсас көрсеткіште ТМД аймағы елдерінен келген иммигранттарға қатысты айырмашылық азайды. Ресей тұрғындары болса кез-келген елден келген еңбек иммигранттарын қабылдағысы келмейтінін дәстүрлі түрде білдіреді, мұнда респонденттердің 53% бұл мәселеде «автономия» (мақұлдамауды) ұстанады. Ең төменгі көрсеткіш Тәжікстанда (10%). Молдовадан басқа достастық елдерінде Ресей ең тартымды жұмысшы күші донорларының рейтингісінде келе жатыр, бірақ ресейлік кадрларға деген қызығушылық жылдан жылға біртіндеп төмендеуде. Сонымен қатар, ТМД елдері үшін жұмысшы күшінің донор-елдері үштігіне – Германия (орташа 22%), АҚШ (14%), Жапония (10%) және Қытай (12%) мемлекеттері енді.

Респонденттерге қойылған «Егер Сізге мүмкіндік берілсе, қай елдерде уақытша жұмыс істегіңіз келеді?» сауалына жауаптар бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда аздап төмендеуіне қарамастан, еңбек эмиграциясының ең тартымды бағыты ТМД аймағындағы елдер болып табылады (орта есеппен 24%). Алайда, бұл көрсеткіш пен басқа аймақтарды таңдаған респонденттердің үлесі арасындағы айырмашылық азайған. Ресей халқының 3%-ы ғана ТМД аймағы елдеріне барып жұмыс істеуге ынталы екендігін мәлімдеді. Молдова мен Беларусь халқы ЕО елдеріне баруға үлкен қызығушылық танытады (сәйкесінше 37 және 21%). Бұл көрсеткіштің шамалы өсуі Қазақстан азаматтарымен де алты жылдық талдауда байқалады.

Ішкі еңбек нарығына бағдарлану Беларусьта (58%) және Ресейде (74%) айқын көрінеді. Көбінесе Ресейде уақытша жұмысқа орналасу ықтималдығын Тәжікстан (37%), Қырғызстан (30%) және Армения (25%) тұрғындары қарастырады. Молдова халқы үшін Ресейдің тартымдылығы айтарлықтай төмендеді (9%-дан 17%-ға дейін). Германия мен АҚШ-ты еңбек миграциясы үшін басқаларға қарағанда жиі сұранысқа ие елдер деп атайды [3].

Халықаралық еңбек көші-қонының негізгі ресми индикаторларының бірі еңбек ету құқығын алған шетелдік азаматтардың саны болып табылады. Достастық елдерінде ұлттық заңнамаға сәйкес осы индикаторды ескерудің бірқатар ерекшеліктері бар, соның нәтижесінде еңбек ету құқығын алған шетелдік азаматтар санына Беларусь пен Молдовада – бір жыл ішінде келгендерді, Қазақстанда, Ресейде және Тәжікстанда – жыл ішінде және жылдың аяғында келгендерді жатқызады.

2015 жылғы қаңтардан бастап Ресейге визасыз кіру тәртібі бар мемлекеттердің азаматтарына жұмыс істеуге мүмкіндік беретін негізгі құжат ретінде патент қолданылады [4].




Сурет 2 – Ресей Федерациясына бір жыл ішінде келген еңбек етуге рұқсат алған шетелдік тұлғалар саны, адам

Ескертпе – Ақпарат көзі: ТМД статистика комитеті: [www.cisstat.org](http://www.cisstat.org).

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясына тартылған шетелдік жұмысшылардың арасында Орталық Азия елдері азаматтары жұмыс істеуге рұқсат алған тұлғалар үлесінде достастықтың басқа елдерінен басым тұр – Түрікменстан (39%), Өзбекстан (25%) және Тәжікстан (12%).

Қазақстанда белгілі бір салаларға білікті мамандарды тарту бойынша шаралар жүргізіледі. Шетелдік компаниялар мен шетелдік жұмыс күштері Қазақстан экономикасының жекелеген салаларының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Мәселен, Қазақстандағы 90-жылдары құлдыраған құрылыс саласы экономикалық жандану кезінде инвестициялардың, мемлекеттік тапсырыстардың өсуіне байланысты Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында, облыс орталықтарында бой көтеріп, салада білікті инженерлік кадрлар мен жұмысшылар тапшылығы сезіле бастады. Сәйкесінше, осы салаға қатысты мамандардан еңбек етуге рұқсат алатын шетелдіктер саны әлі күнге дейін басымдықта. Екінші орында әзірге жұмыспен қамтылғандардың өсу қарқыны төмен болып тұрған өңдеуші өнеркәсіптер мамандарына сұраныс жоғары.



Сурет 3 – Қазақстан Республикасына бір жыл ішінде келген еңбек етуге рұқсат алған тұлғалар саны, адам

Ескертпе – Ақпарат көзі: ТМД статистика комитеті: [www.cisstat.org](http://www.cisstat.org).

Қырғызстан халқының 15–20%-ы қазіргі уақытта шетелде жұмыс істейді. Бұл әлеуметтік-экономикалық құбылыс іс жүзінде қырғыз экономикасының бүгінгі мен болашағын және елдің әлеуметтік-мәдени динамикасын анықтайды.

Үй шаруашылықтары мен жұмыс күші бюджеттерін іріктемелі зерттеу мәліметтеріне сәйкес 2017 жылы 15 және одан жоғары жастағы еңбек мигранттарының саны 236,3 мың адамды құрады, олардың 73%-ы ерлер және 27%-ы әйелдер. Елден кететін еңбек мигранттарының ең көп саны қалаға қарағанда (22%) ауылдық жерлерде (78%) байқалды. Осы зерттеулер еңбекші мигранттардың 96%-ы Ресей Федерациясы, 2%-ы Қазақстан Республикасына келетінін көрсетті [5].

Қырғызстаннан Ресей мен Қазақстанға көші-қон ағындарын анықтайтын негізгі факторлар болып кірістер мен жұмыс күшіне деген сұраныстағы тұрақты айырмашылықтар табылады. Ресейге де, Қазақстанға да Қырғызстаннан еңбекші-мигранттарды «итермелеуші» фактор – бұл бастысы Қырғызстандағы табыстың ең төменгі мен жұмыссыздықтың жоғары деңгейі болса, ал «тартымды» фактор – бұл Ресей мен Қазақстанда еңбек ресурстарына деген сұраныстың артуы. Миграциялық тенденцияларды болжауда жан басына шаққандағы ЖҰӨ-гі айырмашылықтар айқындалушы фактор болып табылады. Бұл Қырғызстан жағдайында «итермелеуші» фактордың «тартымды» факторға қарағанда маңыздылығына баса назар аудару керек екенін білдіреді [6].

Тәжікстан Республикасының 17–39 жас арасындағы еңбекші мигранттарының үлесі жалпы еңбекке қабілетті эмигранттарының 60% құрайды.

Кесте 1 – ТМД-ға мүше-мемлекеттерде жұмыс істеу құқығын алған шетелдік азаматтар саны, адам

Ел	Жыл ішінде келгендер	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Беларусь	барлығы	28 407	17 844	12 621	10 820
	ТМД елдерінен	17 033	7 648	5 944	6 032
	басқа елдерден	11 374	10 196	6 677	4 788
Молдова	барлығы	1 201	1 052	829	8 99
	ТМД елдерінен	263	235	204	231
	басқа елдерден	938	817	625	668
Тәжікстан	барлығы	10 218	11 330	6 645	6 837
	ТМД елдерінен	166	195	158	157
	басқа елдерден	10 052	11 135	6 487	6 680
Ескертпе – ТМД статистика комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылды.					

ТМД-ның мүше-елдерінен келген заңды еңбек мигранттарының үлесі соңғы жылдары Беларусьта – 47%, Молдовада – 25% және Тәжікстанда – 3% шамасында болды. Осы елдердегі басқа шетелдік жұмыс күшінің ішінде Қытай, Түркия және Румыния азаматтары басым.

ТМД елдеріндегі еңбек көші-қонының ерекшелігі – реттелмейтін мәртебемен немесе рұқсат беруші құжаттарынсыз жұмыс істейтін мигранттардың көп мөлшерінің болуы. Мұның басты себебі мигранттарды қабылдайтын елдер тарапынан (ең алдымен Ресей мен Қазақстан) осы жағдайды бақылаудың шектеулі мүмкіндіктері, заңсыз мигранттардың көп бөлігі қамтылған «көлеңкелі» экономиканың ауқымы және осындай шетелдіктерді жазасыз жалдау сыбайлас жемқорлық схемаларын қолдауға мүмкіндік беретін заңсыз мигранттарды тартудың жоғары пайдалылығы деп санауға болады.

Еңбек көші-қоны мәселелері Еуразиялық экономикалық комиссияның Іскерлік қызметті дамыту департаментінің құзыретіне жатады. Комиссия еңбек көші-қоны саласындағы интеграцияны дамыта отырып, еңбек ресурстарының қозғалу еркіндігін қамтамасыз етуде маңызды нәтижелерге қол жеткізді және халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтастық орнатты.

Қазақстанның көші-қон жөніндегі стратегиясы негізінен Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен қатынастарды ескереді, сондықтан көші-қон саясаты мемлекеттер арасындағы келісімдерге, мигранттардың құқықтары мен міндеттері жөніндегі келісілген шараларға негізделуі мүмкін. ТМД елдеріндегі одан әрі инновациялық өзгерістер үшін, ең алдымен, көші-қон саясатын қалыптастыру мен реттеудің заңнамалық және институционалдық жағдайларын, көші-қон үдерістерін бақылау, талдау, болжау және жоспарлаудың біртұтас жүйесін жетілдіру қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Елена Садовская. Международная миграция в Казахстане в период суверенитета // Научный журнал «Казахстан Спектр». – 2016. – № 1(75). – С. 7–43.
- 2 Building Human Capital through Labor Migration in Asia //Asian Development Bank Institute, International Labour Organization and Organisation for Economic Cooperation and Development, 2015. – P. 1–4: <https://www.oecd.org/migration/building-human-capital.pdf>.
- 3 Интеграционный барометр ЕАБР–2017. Доклад № 46. Центр интеграционных исследований. – Санкт-Петербург, 2017: <https://eabr.org/analytics/integration-research/cii-reports/>.
- 4 Мониторинг состояния национальных рынков труда стран Содружества Независимых Государств. 2014–2017. Межгосударственный статистический комитет СНГ. – М., 2018. – 51 с.
- 5 Статистика трудовой миграции в Кыргызской Республике: <http://www.stat.kg/ru/>.
- 6 Evgeny Vinokurov. The Art of Survival: Kyrgyz Labor Migration, Human Capital and Social Networks. 2013: [https://mpr.a.ub.uni-muenchen.de/49180/1/MPRA\\_paper\\_49180.pdf](https://mpr.a.ub.uni-muenchen.de/49180/1/MPRA_paper_49180.pdf).



### **Аннотация**

Проблемы миграции в контексте глобализации приобретают особенную актуальность, и постсоветские страны, так же как и весь мир, не стоят в стороне от изучения этого процесса. Механическое движение трудоспособного населения Содружества Независимых Государств основано на многих факторах, но основными из них являются экономический характер и социально-экономическая дифференциация в странах и регионах, низкий уровень жизни, неблагоприятные условия на рынке рабочей силы и т.д. Как известно, рост различий в размере заработной платы между страной происхождения и страной назначения, а также региональных показателей безработицы увеличивает вероятность эмиграции. В статье уточняется понятие «трудовая миграция» и анализируются показатели внешних миграционных процессов трудоспособного населения стран СНГ за последние годы. Рассматривается вопрос трудовой миграции в Российскую Федерацию и Казахстан, а также следует описание потоков из СНГ в другие страны. В работе на основе данных 46 доклада Центра интеграционного исследования Евразийского банка развития приведены демографические и социально-экономические аспекты стран Содружества, определено место миграции в их социально-экономической жизни, проанализированы миграционные тенденции из стран СНГ, раскрыты специфика и важнейшие закономерности формирования миграционных процессов. При изучении движения трудовых мигрантов в странах СНГ использовались методы анализа, статистические и графические методы.

Ключевые слова: международная миграция, трудовая миграция, внешняя миграция, трудовые ресурсы, региональная интеграция, притягивающие факторы, выталкивающие факторы.

### **Abstract**

Migration issues in the context of globalization are becoming particularly relevant and the post-Soviet countries, like the whole world, are involved in the study of migration. The mechanical movement of the working population of the Commonwealth of Independent States is based on many factors, but the main ones are the economic nature and socio-economic differentiation in countries and regions, low living standards, adverse labor market conditions, etc. As it is known, the increase in the difference in wages between the country of origin and destination, the increase in regional unemployment rates increases the likelihood of emigration. The article clarifies the concept of “labour migration” and analyzes the indicators of external migration processes of the able-bodied population of the CIS countries in recent years. The issue of labour migration to the Russian Federation and Kazakhstan and a description of flows from the CIS to other countries are considered. Based on the data of the 46th report of the Center for Integration Research of the Eurasian Development Bank, the work presents the demographic and socio-economic aspects of the Commonwealth states, defines the place of migration in their socio-economic life. Migration trends from the CIS countries were analyzed, specificity and the most important patterns of formation were revealed. When studying the movement of labour migrants in the CIS countries, analysis methods, statistical and graphical methods were used.

Key words: international migration, labour migration, external migration, labour resources, regional integration, pull factors, push factors.